ШАРБАҚТЫ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОННЫЙ
МАСЛИХАТ

Шарбақты аудандық мәслихатының
(VIII сайланған кезектен тыс LXV сессиясы)
ШЕШІМІ

Шарбақты ауылы. **№ 191/65** 2026 жылғы 11 қыркүйек

Шарбақты аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы «Шарбақты ауданының 2026–2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» № 160/54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» №790 қаулысының 214-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 1 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу әдістемесін бекіту туралы» №128 бұйрығына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы «Шарбақты ауданының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» №160/54 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Шарбақты ауданының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихат төрағасы **Г. Смаилханова**

004885